Арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету рыногын кеңейту мақсатында тек мемлекеттік секторға ғана емес, сондай-ақ мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс арқылы үкіметтік емес секторға да стандарттар енгізілгенін атап өткен жөн. Осы мақсаттарға 2009-2011 жылдары республикалық бюджеттен 957 млн. теңге бөлінді.

Жоғарыда айтылған кезеңде үкіметтік емес ұйымдар мемлекеттік тапсырысты орналастырған облыстардың саны үш есе есті. Қазір 12 облыс осындай нәтижеге қол жеткізіп отыр. 2011 жылы мемлекеттік тапсырыс алу бәсекесіне 40 ҰЕҰ қатысты, бұл республикада белсенді жұмыс істейтін, мүгедектер мәселесімен айналысатын 129 ҰЕҰ-ның 31 пайызын құрайды.

Министрлік әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін дамытуды кешенді қарастыру мақсатында халыққа арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетумен айналысатын органдар мен құрылымдардың қызметін үйлестіру бағытында да қадамдар жасауда. Оның нақты мысалы – БҒМ, ДСМ, ИМ және ЮНИСЕФ балалар қорымен «Арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсетудің қиындармен моделін енгізу бойынша 5 қадам» бағдарламасына және балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі екіжылдық жоспқымалы жоспарға қол қойылды. Жоспарды іске асыру үшін Қазақстанда әлеуметтік қызмет көрсету жүйесінің, оның ішінде «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» заңды іске асыру жағдайына бағалау жүргізілетін болады. Ол халыққа әлеуметтік қызмет көрсету жүйесіне өзқарасты өзгерту бойынша қабылданған шаралардың тиімділігін айқындауға мүмкіндік береді.

Ағымдағы жылы реформаны одан әрі жүргізу мақсатына стандарттар енгізуге республикалық бюджеттен 41 мың адамды қамту үшін 2,2 млрд. теңге бөлінді. Төрт қанатқақты өңірде: Шығыс Қазақстан, Қостанай облыстары, Астана мен Алматы қалаларында белгілі тұрағы жоқ адамдарға арналған әлеуметтік бейімдеу орталықтарында уақытша болу стандарты енгізіле бастады. Республикалық бюджеттен бөлінген қаражаттың мөлшері 155 млн. теңге. Осы және басқа да шаралар мүмкіндіктері шектеулі адамдарды көпшілікпен етене араластыруға бағытталған әлеуметтік парадигмаларды орындауға және өз кезегінде мүтедектік-тің жаңа түсінігін және мүтедектерді әлеуметтік қолдауды іске асыруға, бастапқы тең мүмкіндіктерді қалыптастыру және қоғамдық барлық игілікті алу мақсатында қиын өмірлік жағдайда жүрген барлық адамдарға арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету арқылы әлеуметтік саланы дамытудың жаңа бағытын бастауға мүмкіндік берді.

Ең алдымен арнайы әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін реформалау туралы сөз қожасақ, 2012 жылдың 31 мамыр мен 1 маусым күндері МҰТО-ның мәжіліс залында Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі арнайы әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін реформалау сұрағы бойынша селекторлық кеңесу яғни видеоконференция байланыс арқылы өткізді.

Вена халықаралық жоспарының 68-тәрмағына сәйкес әлеуметтік қамсыздандыру қызметтері ұлттық саясат құралы болып табылады. Мақсаты – қарт адамдардың әлеуметтік функцияларды барынша орындауы. Олардың жергілікті базасы болып, қартайған адамдарды белсенді және ғайдалы азамат ретінде өз үйінде және қоғамдық ұжымда барынша тәуелсіз өмір сүруі үшін алдын алу, емдеу саласында әлеуметтік қызмет көрсетулердің кең ауқымын ұзынуы тиіс.

Егде адамдарға әлеуметтік қызмет көрсету өзекті проблемалардың бірі болып табылады. Адам қартайған кезде бұрынғы әлеуметтік ролінен айырылып, жиі туғандары мен жақындарын жоғалтады. Рухани құлдырап, байланыс шеңбері, әлемге көзқарасының нұсқалары тарыады.

2002 жылдан бастап әлеуметтік көмек көрсету мен әлеуметтік қамсыздандыруға жыл сайынғы республикалық бюджет шығысы 2006 жылға жоспарланған шығыстарды қосқанда, 160 миллиардтан 362 миллиардқа дейін, яғни екі есеге дейін өсті.

Әлеуметтік қызметкерлердің штат санының нормативтері 1457-2005 ІҚСтандартына сәйкес айқындалған. Соған сәйкес қалаларда 8-10 адамға және селолық елді мекендерде 4-6 адамға 1 әлеуметтік қызметкерден келуі тиіс.

Қазақстан Республикасында барлығын 329 үйде әлеуметтік қызмет көрсету бөлімшесі жұмыс істейді және 33 мыңнан астам жалғыз тіпті қарттарға қызмет көрсетеді.

Кесте 1 – Қазақстан Республикасында әлеуметтік көмек бөлімшелерінің саны

Қалалар мен облыстар	Бөлімше саны	Штаттағы әлеуметтік	Қызмет көрсетілетін
----------------------	--------------	---------------------	---------------------

		қызметкерлер саны	жалғыздықтар мен мүгедектер
Астана қаласы		31	130
Алматы қаласы	27	329	2826
Алматы облысы	19	161	1407
Қарағанды облысы	47	509	4971
Шығыс Қазақстан облысы	42	543	4610
Солтүстік Қазақстан облысы	27	474	2741
Павлодар облысы	26	391	2188
Оңтүстік Қазақстан облысы	26	391	2687
Батыс Қазақстан облысы	24	396	2507
Қостанай облысы	20	396	2302
Ақтөбе облысы	16	313	1368
Қызылорда облысы	9	161	828
Маңғыстау облысы	8	109	647
Жамбыл облысы	7	80	612

Әлеуметтік көмек бөлімшелерінің ең көп саны Қарағанды облысында жұмыс істейді. Қарағанды облысында – 47 (әлеуметтік қызметкерлер штаты – 509, қызмет көрсетілетін егде адамдар мен мүгедектер – 4971), Шығыс Қазақстан облысында – 42 (штатта – 543 әлеуметтік қызметкер, қызмет көрсетілетін егде адамдар мен мүгедектер – 4610 адам), Алматы қаласында – 27 (штатта – 329 адам, қызмет көрсетілетін егде адамдар мен мүгедектер – 2826), Солтүстік Қазақстан облысында – 27 (штатта – 474 әлеуметтік қызметкер, 2741 адамға қызмет көрсетіледі). Павлодар және Оңтүстік Қазақстан облыстарында 26 әлеуметтік көмек бөлімшелері жұмыс істейді. Павлодар облысында әлеуметтік қызметкерлер штаты 391 адам, қызмет көрсетілетін жалғыздікті зейнеткерлер мен еңбекке қабілетсіз азаматтар 2188 адам, Оңтүстік Қазақстан облысында 2687 адамға қызмет көрсетіледі. Батыс Қазақстан облысында 24 әлеуметтік көмек бөлімшесі (штатта – 396 әлеуметтік қызметші, қызмет көрсетілетін жалғыздікті қарттар мен мүгедектер – 2507), Қостанай облысында 20 әлеуметтік көмек бөлімшесі (штатта 269 мүгедекке, 125 соғысқа қатысушыларға, 29 қайтыс болған жауынгерлер бар отбасыларға, 1879

жалғызлықты егде адамдарға қызмет көрсететін 396 әлеуметтік қызметкер) жұмыс істейді. Алматы облысында 19 бөлімше (штатта 161 қызметкер, 1407 егде адамдарға қызмет көрсетіледі), Ақтөбе облысында – 16 әлеуметтік көмек бөлімшесі (штатта – 313 әлеуметтік қызметкер, қамқорлық көрсетілетін егде адамдар - 1387) жұмыс істейді.

Ең аз әлеуметтік көмек бөлімшелері мынада облыстарда: Қызылорда облысында – 9 (штатта – 161 әлеуметтік қызметкер, қызмет көрсетілетін жалғызлықты қарттар - 828), Маңғыстау облысында – 8 бөлімше (штатта – 109 әлеуметтік қызметкер, қызмет көрсетілетін жалғыз іпкіті және қарт адамдар - 647), Жамбыл облысында – 7 (штатта 80 қызметкер, қызмет көрсетілетін егде адамдар – 612), Астана қаласында – 3 (штатта жалғыз тұратын 150 адамға қызмет көрсететін 31 маман) бөлімше жұмыс істейді.

Қазақстанда әлеуметтік қызмет көрсетуді іске асыру мүмкіншілігі территориялық әлеуметтік қызмет көрсету органдарын ұйымдастыру, оларды одан әрі дамыту нәтижесінде іске асырылады. Әлеуметтік жұмыс саласында кәсіби әлеуметтік қызметкерді және басқа мамандарды даярлау жеткілікті дәрежеде жүріп жатыр деп айтуға болады. Әлеуметтік жұмыстың теоретиктері әлеуметтік қызмет көрсетуді әлеуметтік жұмыстың түрі деп тұжырымдайды. Іс жүзінде тәжірибеде — бұл жүйелер әлеуметтік адамгершілік, қайырымдылық қызметтің белгілі бір түрлері болып саналады. Ол және бастың отбасының кез-келген адамдар жақынтығының қайта қалыптасып, түзетілуін қамтамасыз етуге негізделген.

Қазақстан республикасында әлеуметтік қызмет көрсету түрлерін беруші стационарлық, жартылай стационарлық, стационарлық емес мекемелер айналысады.

Отбасыларға, әйелдерге, балаларға, қарт адамдарға, мүгедектерге әлеуметтік қызмет көрсету мекемелер торабы қарқынды дамып, өсіп келеді. Қазіргі уақытта әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарының айтарлықтай көп болуы- ол жасы профиді. Отбасыларға, Балаларға жасы ұлғайған қарттарға, мүгедектерге әртүрлі қызметтер түрін көрсету:

- 1) әлеуметтік-медициналық;
- 2) психологиялық – педагогикалық;
- 3) әлеуметтік тұрмыстық, сауда-саттық қызметтер.

Бұл мекемелер өмірдің не бір қиын кезеңдеріндегі адамдарға нақты көмек көрсетеді. Әлеуметтік қызмет көрсету торабы- әсіресе еліміздің оңтүстік облыстарында мейлінше жоғары дамып қазіргі уақытта жасы ұлғайған азаматтарға әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарының басым көпшілігі Астана, Қарағанды, Алматы, Өскемен Шымкент, Тараз қалаларында құрылған.

Олардың ішкі құрылымы да жетіліп келеді. Әлеуметтік қызмет көрсетудің барлық орталықтарының жартысы 1 тәулік тұратын бөлімдері бар.

1/3-де отбасыларға, балаларға әлеуметтік қызмет көрсету бөлімдері жұмыс істейді.

Бүгінгі жұмыс істейтін әлеуметтік қызмет көрсету мекемелердің келесідей түрлері бар:

- 1) Соғыс және еңбек ардагерлеріне арналған пансионаттар;

- 2) психо-неврологиялық пансионаттар;
- 3) мамандандырылған үй интернаттар;
- 4) реабилитациялық орталықтар;
- 5) ақып-ой еркі дамымаған адамдар үшін қызмет көрсететін интернаттар;

б) өте ауыр физикалық кемшіліктері бар балаларға арналған интернаттар.

Елімізді ардагерлерге арналған шағын үй интернат дамып келе жатыр (8-15) адамға дейін. Бұл үйлердің белгілі бір бөлігі муниципалдық бюджеттен қаржыландырады. Қалған бөлігін халықтың әлеуметтік қорғау органдары қаражаттармен қамтамасыз етіп отыр.

Ардагерлер үшін мұндай үйлер үлкен сұраныс туғызып қарт адамдарға қызығушылық білдіріп отыр. Алайда әлеуметтік қызмет көрсетудің жұмыс істеп жүрген, стационарлық мекемелер торабы бүтіндей қажеттіліктерді толығымен қанағаттандыра алмайды.

Стационарлық мекемелерде әлеуметтік қызмет түрлерін алу керектігі біршама жоғары болады.

Жасы ұлғайған азаматтардың қажеттіліктерін тиімді қанағаттандыруға өзекті мәселеге айналып өтпешімін таба алмай отыр. Ол үшін келесідей шараларды іске асыру қажеттіліктерді туындатады:

- 1) Әр 1 муниципалдық жергілікті жерде үй интернаттарды ұйымдастыру;
- 2) Стационарлық мекемелерде үйдегідей жағдайларын жасап психологиялық көмек-күйім көтеру;
- 3) Шағын үй интернаттарды салып қалыптастыру;
- 4) Үй интернаттарды тиімді орналастыруда адамдардың әл мүдделерін есепке алу.

Белгілі тұрақты орны, үйлері, пәтері, жұмысы, өмір сүру қаражаты жоқ адамдар проблемасы бұрынғыдай қалыптасып отыр.

Республика отбасыларға, балаларға әлеуметтік қызмет көрсету мекемелер торабын тез дамытып келеді. Белгілі бір даму деңгейінде әлеуметтік тұрмыс қызметі мекемелері жемісті, аумақты жұмыс атқарып отырғанын атап айтуға болады.

Білім беру жүйесінде балаларға әлеуметтік көмек көрсету торабы жылдан-жылға көбеюде. Білім беру мекемелерінде практикалық психологиялық қызметі қалыптасуда. Сонымен бірге әртүрлі қызметтер құрылып одан әрі даму кезеңінде: -психологиялық-педагогикалық қызмет - медициналық әлеуметтік көмек-кәсіби бейімделу және басқалары.

Олар біріншіден балаларға, ата-анасына, педагогтарға білікті, көптірлі көмек көрсету. Екіншіден негізгі білім мекемелерінде қызмет атқаратын психологтарға кәсіби қолдау көрсетуді іске асырады.

Қазіргі кезеңде әртүрлі министрліктердің ведомствалық әлеуметтік қызметі жөніндегі ресми құжаттары мен материалдардағы 1- қатардағы қызығушылық таңытады. Оларды талдау, әлеуметтік қызметтерді ұйымдастыруда, дамытуда 2 ерекшеліктердің бар екенін дәлелдеп отыр:

1) Халықтың жеке категориялары үшін (жастарға, балаларға, әйелдерге, отбасыларға әлеуметтік мекемелердің торабын құруының керектігін дәлелдеп көрсету орын алып отыр);

2) Барлық әлеуметтік мекемелердің қызметін, олардың ведомствалық бағыныштылығына байланысыз үйлестіруге және реттеуге ұмтылу.

Осыған байланысты бұл жұмыстың бағыты төмендегідей болу қажет:

1) Әлеуметтік қызмет көрсету мекемелер торабының қалыптасу кезеңінде олардың болашақта даму жолын нақтылы айқындау,

2) Әлеуметтік қызметкерлердің жоғарғы кәсіби шеберлегіне қол жеткізу,

3) Әр түрлі ведомствалық қызметтердің іс-әрекеттерін үйлестіруді жоғарылату халықты әлеуметтік қорғау, білім беру, денсаулық сақтау, ішкі істер органдарының қызметі, халықты жұмыспен қамту.

Әлеуметтік мекемелер торабын құру процесі қайшылықты болып бір мағынада жүргізілмей отыр. Жергілікті жерлерде әлеуметтік қызметтерді күнделікті өмірде ықпал да қиыншылықтар көріп отырған халықтың әлеуметтік әлсіз қорғалған топтарына бағытталған үрдіс қалыптасқан.

Әлеуметтік қызмет көрсету торабының дамуына бірқатар факторлар кедергі жасап отыр:

1) Әлеуметтік қызмет көрсету жүйесі құқықтық базасының әлсіздігі, жеткілікті еместігі;

2) Республикалық атқарушы билік органдарының қаржы ресурстарының шектеліп жетіспеуі, жергілікті және өзін-өзі басқару органдарының қаражаттарының тоғышығы;

3) Министрліктер мен ведомствалардың әлеуметтік қызмет өрісінде үйлестіріп басқару жұмыстарының жоқтығы;

4) Әлеуметтік жұмыс өрісінде кәсіби мамандандырылып даярланған персоналдардың жоқтығы;

5) Әлеуметтік қызметтің әлеуметтік статусының төменгі деңгейде болуы;

6) Мемлекеттік емес мекемелерде қаржылық, экономикалық және интеллектуалдық мүмкіншіліктердің жеткілікті түрде пайдалануы.

Әлеуметтік қызмет көрсету мекемелері мемлекеттік стандарттарды мейлінше қолданып сақтап отыру қажет. Бұл жұмыстың мазмұны келесідей:

1) Нормативтік құқықтық базаны дамытып отыру;

2) Мемлекеттік қолдау;

3) Аймақаралық және халықаралық бірлесіп еңбек етуді дамыту.

Бүгінде облысымызда 28 мыңнан астам мүгедек жан тұрады, олардың 3511-і - 1 топтағы мүгедектер, ал 12872-сі - екінші топтағы адамдар.

Осы жылдан бастап мүгедектердің жағдайларын жақсартуға бөлінген қаржы көлемі де арта түсті. Облыс бюджетінен 120 миллион теңге қарастырылып, оған тифлотехникалық жабдықтар, есту қабілеттері төмен жандарға сурдотехникалық құрылғылар т.б. қажетті құрылғылар сатып алынды. Арбаларды сатып алу кезінде оның сапасына баса көңіл бөлінді. Соңғы уақыттарда мұндай қозғалмалы аппараттар нәтижесіз озық технологиялары үлгісінде алынууда. Сонымен қатар жалпы саны жиырмадан астам протез-

ортопедиялық құрылыстар арқылы жүзеге асырылатын қызмет түрлері де көрсетіледі.

Мысалы, 2010 жылы салалық басқармаларға мүтедектер жағдайын жақсартуға 300,0 млн теңге бөлінген болса, осы жылы қаржы көлемі 855,5 млн теңгеге жетті. Мүтедектеріміз әлеуметтік қызметкерлердің көмегіне жүгіне алады. Санаториялық-курорттық сауықтыру мәселесі де оң шешімін тапқан. Жоғары оқу орындарында ақылы білім алып жатқан мүтедек жастарымыздың белгілі бір сомасын мемлекет өз мойнына алып отырғанын атап өту керек. Сондай-ақ, 800 мектеп жасындағы оқушы үйінде білім алады.

Аймақтың қалалары мен аудандарындағы әлеуметтік нысандарға мүтедек жандардың бөгетсіз кіре алуына жағдайлар жасалуда. Инвентаризация жұмыстары жүргізілді. Өткен жылдың қорытындысы бойынша өңірде 5348 әлеуметтік, көліктік инфрақұрылым нысаны анықталып, облыс орталығында 40 жол белгісі орналастырылған. 2012-2015 жылдар аралығында бұл жұмыс толығымен аяқталатын болады.

Мемлекеттік бағдарлама аясында бой көтеріп жатқан көпқабатты тұрғын үйлерге пандус орнатылып жатыр. Құрылысты жоспарлау кезінде мүтедектер талабы ескеріле отырып, лицензия алуда арнайы жабдықтар орнатуға ерешік мән берілуде.

Аудандар мен қалаларда да нақты жоспарларға сәйкес, Мүтедектер күніне телемақыпар тағайындалады. Тұрғын үй коммуналдық телемақыпалын өтеуге, пәтер жөндеуге, дәрі-дәрмек, отын-су сатып алуына, арнайы көлікте жүріп-түруға, спорттық сайыстарға қатысу мүмкіндігін жүзеге асыруға қаражат бөлінеді. Әсіресе, мүтедек-жасөспірімдерге назар аударды. Оларды оқыту, ем-домын жасау, компьютерлік техникамен қамтамасыз етіп, қалалар желісіне қосу бағытында бірқатар шаралар жоспарланып отыр. Қортындылай келе, мүтедек жандардың өздерін қоғамның толыққанды мүшесі ретінде сезінуіне бар мүмкіндікті жасауда.

Әлеуметтік сала жетекшісі алдымен, облыстағы әлеуметтік қызмет көрсетудің жай-күйіне тоқталды, соның ішінде аймақтағы ардагерлер мен тыл еңбеккерлеріне қандай қолдау көрсетіліп жатқандығы туралы мәліметтер берді.

Облысымызда 100 мыңнан астам зейнеткерлер тұрады, олардың 500 астамы соғыс мүтедектері, 12 мыңнан астамы тыл еңбеккерлері мен оған теңестірілген тұлғалар.

Бұл азаматтар мемлекет тарапынан қамқорлыққа алынып отыр, мысалы ардагерлер жыл сайын сауығу-шипажайларында тегін ем-дом алады. Облысымыздың диагностикалық орталығында ардагерлердің барлығы толық медициналық бақылаудан өтіп, сауықтыру шараларын қабылдаған.

Жыл бойы Еліміз Отан соғысының қатысушылары қала аулауларында тегін жүру мүмкіндігіне ие болды.

Жеңіс мерекесіне орай облыс ардагерлері ел ордамыз Астанаға тегін саяхат жасауды 8 жылдан бері дәстүрге айландырған. Жалпы, бұл азаматтар әрқашанда басты назарда, сонымен қатар «Замандас» клубының жұмысын жандандыру мақсатында қалалық, аудандық жерлерде осы аттас клубтарды қайта жанғырту үстінде. Әлеуметтік сала басшылары бүгінгі күні барлық

ардагерлер баспаналмен қамтылғанын атап өтті, және көтер кезегінде ардагер азаматтар жоқ деуге болады.

2.2 Аймақтағы тұрғындарға әлеуметтік қызмет көрсету жүйесінің ұйымдастырылуы мен әкәрарлығын талдау

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Павлодар қаласы халқының әлеуметтік-осал қабатына келесі әлеуметтік көмектер көрсетіледі: мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмегі, тұрмыстық көмек, 18 толмаған балалары бар отбасыларға арналған мемлекеттік жәрдемақысы, үй жағдайында оқытылып тәрбиеленетін мүгедек балаларды материалды қамтамасыз ету, жеке категориядағы халыққа тамақтың қысқартуына байланысты әлеуметтік көмек, мүгедек адамдарға жеке көмекші және тіл мамандарының әлеуметтік қызметі, мүгедек адамдарды қосымша сақтандыру құралдарымен қамтамасыз ету, мүгедек қарт адамдарға, мүгедек балаларға үй жағдайында көмектесу.

Павлодар облысында жалпы мүгедектер саны – 28 422 адамды құрайды, оның ішінде: 1 топ – 3 609 адам, 2 топ – 12 847 адам, 3 топ – 9 364 адам және 2 602 бала – күшкентанынан мүгедек.

Мүгедектерді сауықтыру шараларына салаты басқарушылармен және аймақтармен 2012 жылы 855,5 млн. теңге қарастырылған, ол мүмкіндіктері шектеулі адамдардың қажеттіліктерін максималды түрде қанағаттандыруға және өмірін едәуір жақсартуға мүмкіндік береді.

Облыста 8 медициналық-әлеуметтік мекемелер жұмыс істейді. Аталған мекемелерде сыйымдылық жоспары 1 469 қамқорлыққа алынған тұлғаларды құрайды. Жыл сайын күтімге 1,1 млрд.-тан аса теңге бөлінеді.

Облыста мемлекеттік органдар тарапынан қарт адамдарға үлкен қамқорлық көрсетілуде. Өкінішке орай, олардың саны жыл сайын азайып барады. Бүгінгі күні, аймақта Ұлы Отан Соғысының ардагерлері мен мүгедектер саны 433 ғана, 3 мыңнан астам адам жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша оларға теңестірілген. Ардагерлер толық әлеуметтік қорғауға алынған. Жеңіс күніне орай бір жолғы көмек төленеді: өткен жылы, облыс әкімі Ерлан Мұқтарұлы Арынның бастауымен, Ұлы Отан Соғысының ардагерлері 67 мың теңгеден алды, ал биыл 9 Мамырға 68 мың теңгеден бөлінген.

Жүргізіліп жатқан оңтайландыруға қарамастан, соғыс ардагерлеріне коммуналдық шығындар жүзпайыздық мөлшерде компенсацияланғанды, үйді жөндеуге, жасады тіс салуға, дәрі-дәрмекке, санатория-курорттық сауықтандыруға қаражат бөлінеді, жолаушылар таситын кәдіктерде тегін жүріп-тұру және т.б.

Әлеуметтік көмек басқа қарт адамдарға көрсетіледі. Олардың қосымша қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жергілікті бюджеттен жыл сайын қаражат бөлінеді. Жылына бір рет «Қамқорлық» атты қайырымдылық акциясы өткізіледі, көмек аса мұқтаж адамдарға көрсетіледі – балалардың

қажеттіліктеріне, азық-түлік, дәрі-дәрмектерді сатып алу үшін аз қамсыздандырылған обласыларға, соғыс ардагерлердің жағдайына, жалғызбасты және жалғыз тұратын зейнеткерлерге – тиімді қажеттіліктерінің орын толтыруға, дәрі-дәрмектерге және т.б.

Осал категориядағы азаматтарды қолдау үшін жергілікті олжалды кәсіпкерлер мен бизнесмендерді белсенді түрде тартып, жебеушілікті дамыту қажет.

Біздің аймақта 100 мыңнан аса зейнеткерлер тұрады, оларды 40 пайызы ең аз зейнетақы мөлшерін 26 мың теңге алады. Олардың аса мұқтаждарына қалалар мен аудандарда әлеуметтік көмек көрсетіледі. Мысалы, жалпы сомасы 155 млн. теңгені құраған күзгі «Қамқорлық» қайырымдылық акция кезеңінде осындай қамқорлықпен қамтылған зейнеткерлердің саны 60 мыңнан адамға жуық болды. Қарттар күнінде материалдық көмек ақшалай, азық-түлік, қызмет көрсету түрінде де көрсетіледі. Облыста бұл күні зейнеткерлердің көбіне мерекелік түстіктерде, концерттік залдарда, үйде және т.б. назар аударылады.

Зейнеткерлердің бос уақытын ұйымдастыру үшін барлық қалалар мен аудандарда толыққанды демалыс үшін барлық жағдайлары бар Клубтар құрылған. Одан басқа, 2012 жылы бірінші рет 2 мың зейнеткер шамасында, оның ішінде заңды статусы жоқ, «Азарту», «Лесная сказка», «Ардагерлер үйі» облыс санаторийларында сауықтыру мүмкіндігін алды.

Облыста 800 адам шамасында тұратын, қарт адамдарға және мүгедектерге арналған жалпы типті 4 медициналық-әлеуметтік мекемелер қызмет істейді. Одан басқа, қалалар мен аудандарда үкіметтік емес ұйымдардың және әлеуметтік көмек көрсету бөлімдерінің күштерімен жалғызбасты қарт адамдарына үйлерінде қызмет көрсету ұйымдастырылған. Осыған қарамастан, қараға қарасты мекемелерде саны тұрақты өзгеріп отыратын жататын қарт адамдарға орын жетпейді. Екіншісін орай, қаражат жетпеушілігіне байланысты Екiбастұз қаласында интернат үйін ашуға мүмкіндік болмады.

Жыл сайын мүгедек-психохрониктер саны өсуде. 2011 жылы қосымша қорпұсты пайдалануға бергеннен облыстық психоневрологиялық мекемеге кезек 100 адамға дейін қысқарды, бірақ та бүгінгі күні ол 260 адамды құрайды. Тізімдегілерді орналастыру бойынша мәселені тез арада шешу қажет, өйткені созылмалы психологиялық ауру мүгедектерін, әсіресе еліргендерді, қоғамнан шеттету қажет.

Үшінші жыл бойы біздің облыста үкіметтік емес сектордың күштерімен арнайы әлеуметтік қызмет көрсету бойынша жоба жүзеге асырылуда. Біздің аймақ мемлекеттік тапсырысты орындайтын ГӨБ саны бойынша және қызмет алушылардың көлемі бойынша аса табысты болып саналатынын айта кеткен жөн. Мемлекеттік тапсырыс төлемі де жоғарлауда – ағылдардың жылы 145 млн. теңге болса, өткен жылы 103 млн. теңгені құрады. Қарт адамдарға және мүгедектерге 2012 жылы 14 ұйым 524 қызмет көрсетті.

Бейінді ГӨБ-дің біліктілігі мен саны өсуде. Тіпті барлық ауылдық округтерде жергілікті ұйымдар кәсіпқойлықты жалғасы істейді. Бірақ жекелеген аймақтарда жергілікті басшылардың өздерінің ГӨБ-не қатынасы таң

қалдырады. Мысалы, Ақтөбін ауданында «Жас ұрпақ» қоғамдық бірлестігі 2011 жылы қарт адамдар мен мүтедектерге үйлерінде қызмет көрсетті, ал 2012 жылы – мүтедектер-психоневрологикалық ауруға арнайы әлеуметтік қызмет көрсету үшін жартылай стационарды ұйымдастырды. Бірақ қажетті кешідауға қол жеткізбегендіктен ауылдан кетуге мәжбүр болды. Павлодар ауданында тіпті ҒӨБ-сіз өтуге болады деп санайды. Бұл бірде бір бейімді ұйымы жоқ жалғыз айтақ.

ҒӨБ-тің дамуы – Елбасымен белгіленген мемлекеттік органдардың міндеті екенін еске түсірген жөн. Үкіметтік емес ұйымдар сапалы және арзан қызметтерді көрсете отыра, мемлекеттік ұйымдардың жұмысын жеңілдетеді.

Жалпы, біздің облыста тұрғындарды әлеуметтік қорғау бойынша едәуір жұмыс жасалынады. Күнінде бір мәселеге азайып отырса, оның орнына басқалар келеді. Егер бір-екі жыл бұрын мүтедектерге қосымша құралдарды ұсыну немесе жеке көмегінің қызмет көрсету сапасы мәселе ретінде болса, бүгінгі күні бұл мәселелер шешілген. Қазіргі таңда бірінші кезекте мүтедектерді шектеулі азаматтардың әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне барлық жерлерде қолжетімділігін ұйымдастыру қажет. Мүтедектердің құқықтары бойынша ұлтаралық Конвенцияның ратификациясы бойынша Ұлттық жоспардың бірінші кезеңін орындау мақсатымен тіпті қазір барлық қалалар мен аудандарда мүтедектердің қолжетімділігі үшін объектілердің паспортизациясына қаржы құралдары қарастырылу қажет.

Кесте 1 – Павлодар облысы бойынша әлеуметтік қызмет көрсету салаларына әр түрлі жаштарда бөлінген қаржы сомасы, млн. теңге

Әлеуметтік қызмет көрсету саласы	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.
Психоневрологиялық ауру науқастары және қарт адамдар		103	145
Мүтедектер		855,5	

3 Қазақстан Республикасында әлеуметтік қызмет көрсету жүйесінің қазіргі заманға даму үрдісінің мәселелері және шешу жолдары

3.1 Әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін басқарудағы және бағыт-бағдарын жүзеге асыру жолындағы негізгі мәселелері және оларды шешу жолдары

Қазіргі таңда қай мемлекетті алмасақта әлеуметтік мәселесі алғарыда орында тұр. Өйткені 90-шы жылдары басталған ауғалы - төкпелі заманның салдарынан халықтың тұрмыс-тіршілігіне айтарлықтай өзгерістер ендірілді.

Көп жылдар бойы елімізде экономикалық күйзеліс салдарынан және тағы да басқа жағдайлар салдарынан әлеуметтік қиыншылыққа тап болған адамдар саны күннен-күнге көбеюде. Әсіресе, қарттар мен мүтедектер, балалар мен отбасы және тұрғындардың басқа санаттарындағы адамдар әлеуметтік қызмет көрсету сферасынан көмек алуға мәжбүрлі.

Қазақстан Республикасында 90-шы жылдары құрылған әлеуметтік қызмет көрсету жүйесі осындай жағдайлардың алдын алу мен реабилитациялық шараларды жүргізуді мақсат етеді.

Әлеуметтік көмек көрсету ең тиімді механизмі және нарықтық экономиканың көптеген әлеуметтік өзекті мәселелері шешуге мүмкіншілік жасайды.

Заңға сәйкес қиын өмірлік жағдайларға тап болған адам құқықтық мәселелерін шешу үшін заңгерлерден, медициналық-әлеуметтік консультация алу үшін арнайы мамандардан, психологтардан ақып-кеңес, басқа да көмектер ала алады.

Заң арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілді көлемінің тізбесі құқықтық қиын өмірлік жағдайларға тап болған адамдар үшін мемлекет қамтамасыз ететін басты кепілдіктерді, әлеуметтік қызмет көрсету стандарттары мен оларды көрсету тәртібін, көрсетіліп отырған қызметтердің сапасын бағалау, бақылау және кепілдік беру тетігін, әлеуметтік қызметкерлерді аттестаттауға қойылатын талаптарды, тамақтану нормаларын анықтайды.

Осы арада реформаның негізгі бағыттары арнаулы әлеуметтік қызметтердің мемлекет кепілдік берген және қосымша көлемін белгілеуге, олардың стандарттарын әзірлеуге бағытталған арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету үлгісін жаңартуды, бәсекеге қабілетті орта құруға және қызметтер сапасын жақсартуға мүмкіндік беретін үкіметтік емес ұйымдарды қатыстыру арқылы қызмет көрсету рыногын кеңейтуді көздейтін арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін институттық тұрғыдан жетілдіруді, үкіметтік емес секторда арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс тетігін енгізу арқылы қаржыландыру жүйесін одан әрі дамытуды, әлеуметтік қызметкерлер институтын қалыптастыруды қамтитынын айта кеткен жөн.

Реформаны іске асыру үш кезеңнен тұрады. Бірінші кезең дайындық кезеңі жалпы оңалту қызметтерін көрсетуден арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге ауысуды қамтамасыз ететін нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеу мен іске асыруды көздейді. Арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуді беймонополияландыру және толыққанды арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету рыногын құруда басты мақсаттар болып табылады.

Жалпы, біздің облыста тұрғындарды әлеуметтік қорғау бойынша едәуір жұмыс жасалынады. Күнінде бір мәселеге азайып отырса, оның орнына басқалар келеді. Егер бір-екі жыл бұрын мүтедектерге қосымша құралдарды ұсыну немесе жеке көмекшінің қызмет көрсету сапасы мәселе ретінде болса,

бүгінгі күні бұл мәселелер шешілген. Қазіргі таңда бірінші кезекте мүмкіндіктері шектеулі азаматтардың әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне барлық жерлерде қолжетімділігін ұйымдастыру қажет. Мүтедектердің құқықтары бойынша ұлтаралық Конвенцияның ратификациясы бойынша Ұлттық жоспардың бірінші кезеңін орындау мақсатымен тіпті қазір барлық қалалар мен аудандарда мүтедектердің қолжетімділігі үшін объекттердің паспорттауына қаржы құралдары қарастырылу қажет.

3.2 Аймақтағы тұрғындарға әлеуметтік қызмет көрсету жүйесінің тиімділігін жоғарлату мен жетілдіру

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Серік Әбденов еткен жылды қорытындылап, Елбасының тапсырмаларын жүзеге асыруға бағытталған мақсат-мұраттар тұрасында баян етті.

Құқықтық, ұйымдық және идеологиялық тұрғыда көшпенді шаралар қабылдануда. Министр атап өткендей, - «жаңа саяси бағдарды іске асыру шеңберінде халықты нәтижелі жұмыспен қамтудың ауқымын кеңейтуге бағытталған, әлеуметтік еңбек қатынасының жаңа үлгісін қалыптастыру міндеттелген».

Оны ішкерілету келесі жүйелерді жетілдіруге байланысты:

- 1) Еңбек нарығын реттеу және жұмыспен қамту;
- 2) Еңбек қауіпсіздігін басқару және қорғау;
- 3) Еңбекке төлеу жүйесін реттеу;
- 4) Зейнетақыны қамсыздандыру;
- 5) Әлеуметтік қызмет көрсету.

Алтыншы қадам – әлеуметтік көмек көрсету жүйесін жетілдіру. Халықтың мақсатты топ өкілдерін сөзсіз қолдаудан әлеуетін жандандыруға бағыттау. Белсенді әлеуметтік саясаттың жүргізілуі халықтың жағдайын жақсартты. Халықаралық сарапшылар Қазақстанды орташа табыстан жоғары елдер қатарына қосады. Осыған қарамастан, халықтың белгілі бір белгілі аз қамтығандардың қатарында қалды. Сондықтан, әлеуметтік көмек көрсету жалғастырыла бермек. Соңғы екі жылдың өзінде бұл бағдарламаларды қаржыландыруға 80 млрд. теңгеден астам қаражат жұмсалған. Былтыр 97,3 мың адам мекен-жайы бойынша әлеуметтік көмек алды. Олардың алпыс пайыздан астамы – 18-ге толмағандар.

Қазір Қазақстанда 572 мыңнан астам мүтедек тұрады. Олардың үштен бірі еңбекке жарамды жаста, 10 пайызы балалар. Бұл топқа арналған ішкі істер мүтедектердің құқы мен сапалы өмір сүруін қамтамасыз етуді көздейтін, 2012-2018 жылдарға жоспарланған іс-шаралар Жоспарында қамтылған.

Мекен-жайы бойынша әлеуметтік көмек қайта түзілді. Бұл көмек түрі енді азаматтарға немесе отбасына мұқтаждығына қарай жасалады, әрі «өзара жауапкершілік» жүйесі ене бастайды.

Ең төменгі күнкөріс деңгейі әлеуметтік көмектің басты көрсеткіші болып қала бермек. Оны анықтау әдістемесі шынайы қажеттілік ескеріле отырып, ел

экономикасының қазіргі жағдайы һәм келешегіне сүйеніп, халықаралық стандарттарға сай қайта жасалады. ҚР Үкіметі мекен-жайы бойынша әлеуметтік көмек алуға құқық беретін көрсеткіш деңгейін ең төменгі күнкөріс деңгейінен 40%-дан, 2015 жылы 60%-ға, ал 2020 жылға қарай 100%-ға көтермек.

Осы атқарылатын іс-шаралардың нәтижесі – кедейшіктің айтарлықтай азаюына әкеліп, халық арасында және өңірлерде жалақы деңгейіндегі ауытқуды ретке келтіруі тиіс.

2017 жылға дейін әлеуметтік қызмет көрсетудің заманауи, ғылыми негізделген стандарттарын енгізуге, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетудің инфрақұрылымын дамытуға бағытталған арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін кезең-кезеңмен реформалау көзделуде. Арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету нарығын монополиясыздандыру, мемлекеттік-жеке әріптестікті дамыту, ірі медициналық-әлеуметтік мекемелерді деинституционалдандыру бойынша шаралар қабылданатын болады. Жартылай стационар жағдайында және үйде қызмет көрсету ұйымдарында арнаулы әлеуметтік қызмет алу мүмкіндігі шектеулі адамдардың отбасына оралу мүмкіндігін кеңейтуге тиіс.

- Азаматтарды белсенді жұмыс іздеуге талпындыратын көмек жүйесін қалыптастыруды есепке ала отырып, халықты әлеуметтік қолдау түрлері мен әдістерін жетілдіру;

- Стационарлық әлеуметтік мекемелер жүйесін либерализациялауға қажет жағдайларды туғызу. Аз санында, соның ішінде туыстары бар қарттар мен мүтедектерге арналған, төлем негізінде ұйымдастырылған интернат-үйлерді, пансионаттарды, құру;

- Қарттарды, ауруларды және мүтедектерге қызмет көрсету жүйесін либерализациялауға қажет жағдайларды туғызу. Төлем негізінде ұйымдастырылған үйде қызмет көрсету мамандырылған орталықтарды (ересектерге, балаларға т.с.с. арналған патронаж) құру;

- Ересек мүтедектерге арналған оқалту орталығын ұйымдастыру.

- Дүниежүзілік практикалық тәжірибені ескере отырып, психоневрологиялық аурулар үшін медициналық-әлеуметтік мекемелер жүйесін жетілдіру;

- Жұмыссыз жастардың кәсіби бағыттауын, оқытуын және жұмысқа орналастыруын ұйымдастыру үшін аймақтық орталықтар (жастар өңбек біржаларын) құру;

- Ауылдық жерде үйдегі және кәсіпшілік өндірістерді жетілдіру, микронескелер, босаған өндірістік алаңдар мен құрал-жабдықтарды беру арқылы халық кәсіпшілігінің салт-дәстүрін қайта жаңғыртуға ықпалды жасау.

Аталған мәселелі сұрақтар, әлеуметтік заңнаманың өзгеруін ескере отырып, 2008-2010 жылдар көлемінде және одан арғы уақытта кезең-кезеңмен шешіледі.

Қорытынды

Елімізде әлеуметтік, экономикалық реформаларды іске асыру кезінде экономика мен әлеуметтік саясаттың өзара байланысты күшейту қажеттілігі туындар отыр. Қазақстан Республикасында жүргізіліп отырған әлеуметтік саясаттың мәні әлеуметке бағытталған экономиканы дамыту. Бірінші кезекте адам факторын есепке алу, адамдардың жал-ақуалың, денсаулығын жақсарту, жаңғыра қамқорлық көрсету.

Осының бәрі мемлекеттің конституциясында бекітілген « Қазақстан Республикасы өзін демократиялы, құқықты мемлекет деп жариялайды. Оның жоғарғы құндылығына жататын адам, оның өмірі, құқық және еркіндігі».

Халықты әлеуметтік қорғау ұғымы экономикалық категория дәрежесінде көтерілді. Бұл Қазақстан Республикасында әлеуметтік мемлекет ретінде дамуының, нығайтудың негізгі мақсаттары мен міндеттерін бейнелейді. Қазіргі кезде елімізде жеке адамды әлеуметтік қорғаудың жүйесін құруға толық мүлкітері бар. Сонымен қатар адамның мүлкінің сақталуы халықтың аз табыс табатын бөлгіне –нақты қолдау көрсетіп, денсаулық қорғау, білім беру, қыпшыстың және әлеуметтік шелекестің алдын алу тәсілдері іске асырылып отыр.

Нарыққа өту экономикалық құқықтың және әлеуметтік кепілдіктің айырмашы жаңа жүйесін қалыптастыруды талап етуде. Ол әрбір адамға өмір ауру деңгейінің төмендеу мүлкіндігінен, әлеуметтік қорғаудың жоғарғы дәрежесін қамтамасыз етуі тиіс.

Сонымен экономикалық саясат дегеніміз бұл мемлекет және халықтың әртүрлі әлеуметтік топтар арасындағы қатынастарға байланысты болып келетін қызмет бөлгі.

Әлеуметтік қамтамасыз ету әртүрлі ұйымдастыру, құқықтың түрлерде жүзеге асырылады.

Сондай-ақ Республика Бюджет есебінен тікелей қаржыландырылып отырады.

Әлеуметтік көмең көрсету ең тиімді механизм және нарықтық экономиканың көптеген әлеуметтік өзекті мәселелерін шешуге мүмкіншілік жасайды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. «Технология социального обслуживания» Москва,2002
- 2.«Социальная работа: теория и практика» Москва 2004

3. «Социальное государство» Москва, 2004
 4. «Қазақстан-2030» стратегиясы
 5. Жалғыз басты зейнеткерлер мен мүтедектерге арналған әлеуметтік тұрғын-үй туралы ереже. Алматы, 2002
 6. 2001 ж. 7 наурызда жарияланған «Мемлекеттік әлеуметтік көмек туралы» ҚР заңы
 7. «Социальная работа» Холостова, Москва, 2004
 8. www.google.kz
 9. «Введение в социальную работу» Тетерский, Санкт-Петербург, 2003
 10. «Егемен Қазақстан»: 2002ж. 23 желтоқсан
 11. ҚР. Президенті мен ҚР. Үкіметінің актілер жинағы: 1996ж. №21
 12. «Егемен Қазақстан»: 2003ж. 5 мамыр
 13. «Заң» газеті: 2002ж. №12
 14. «Ақиқат»: 2000ж. №8-9
 15. «Егемен Қазақстан»: 2001 ж. 13 қаңтар
 16. «Егемен Қазақстан»: 2002ж. 2 сәуір
 17. «Егемен Қазақстан»: 2006ж. 3 маусым
 18. «Қазақстан заңдары»: 1998ж. №6
 19. «Егемен Қазақстан»: 2001 ж. 15 мамыр
 20. А.А. Козлов «Социальная работа за рубежом»: 1998 год
1. Қазақстан Республикасының қалықты әлеуметтік қорғау тұжырымдамасы: 2001 ж. 9 сәуірдегі №481 қаулысымен бекітілген.
 2. Қазақстан Республикасының Заңы. «Қазақстан Республикасындағы жастар саясаты туралы»: 2004ж. 4-шілдедегі №81-ІІ ҚРЗ.
 3. Қазақстан Республикасының Заңы «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы». //Егемен Қазақстан, 2001 жылғы 10 тамыз
 4. Қазақстан Республикасының Заңы «Келтірілген балаларды әлеуметтік және медициналық педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы». //Егемен Қазақстан, 2002 жылғы 23 шілде
 5. Қазақстан Республикасының Заңы «ҚР мүтедектерді әлеуметтік қорғау туралы» // Егемен Қазақстан, 2005 жылғы 26 сәуір
 6. Қожамқұлова Л.Т., Демеуова М.Е. Әлеуметтік жұмыстағы қайырымдылық рөлі. – Алматы: Қазақ университеті, 2003ж.
 7. Сарсенова Ж.Н. Әлеуметтік жұмыс: Оқу құралы – Алматы, 2004ж.
 8. Жаназарова З.Ж. Социальная работа с семьей: Учебное пособие для студентов гуманитарных факультетов высших учебных заведений – Алматы: Қазақ университеті, 2003г.
 9. Қожамқұлова Л.Т. Социальная работа города: принципы и направления – Алматы: Қазақ университеті, 2003г.
 10. Абдраимова Г.С. Социальная работа с молодежью: Учебное пособие – Алматы: Қазақ университеті, 2003ж.
 11. Мүтедектерді оңалтудың 2002-2005 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары: 2003ж. 15 қаңтардағы №20 қаулысымен бекітілген.

12. Жаңы бюджеттеріндегі әлеуметтік саясатты қолдау – Қаржы-қаражат – 2004, №2.
13. Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік жәрдемақылар – Заң газеті – 2005-14 қаңтар.
14. Жәрдемақылар мен жеңілдіктер - /Астана хабары – 2004, 4 қыркүйек.
15. Қазақстандағы әлеуметтік жағдай туралы. Түркістан, 2003-24 сәуір.
16. Основы социальной работы: Москва-2003г. Учебное пособие: под редакцией И.В. Мартынова.
17. Агафанов А.Н., Ментипбаев К.Н. Социальная работа с молодежью: Учебное пособие – Караганда: Издательство КарГУ, 2003г.
18. П.Ф. Павленок. Теория истории и методика социальной работы. Москва; 2003г.
19. Тетерский С. В. Введение в социальную работу. Учебное издание – Москва 2003г.
20. Блинов Ю.А., Ткаченко В.С., Клушина Н.Г. Медико-социальная экспертиза лиц с ограниченными возможностями / Серия «Учебники, учебные пособия»- 2002г.
21. Мельников В.П., Холостова Е.И. История социальной работы. Учебное пособие. 2-е изд. – М.: Издательско – издоторговый центр «Маркетинг»; 2002г.
22. Холостова Е.И., Деменничева Н.Ф. Социальная реабилитация. Учебное пособие. – 3-е изд. – М.: Издательско-торговая корпорация «Дашков и К», 2004г.
23. Пантелеева Т.С., Червякова Г.А. Экономические основы социальной работы: учебное пособие для студентов высших учебных заведений. – М.: Гуманитарный издательский центр ВЛАДОС, 2004г.
24. Уровень жизни населения в Казахстане. Статистический сборник. Под редакцией Ю. К. Шокаманова – Алматы, 2004г.
25. Қаржусова Г. «Әлеуметтік көмектің әлуекі әлсіремейді» // Егемен Қазақстан, 2002 жылғы 1 қаңтар
26. Атаулы көмек: оның бүгінгі мен болашағы // Егемен Қазақстан. 2002 жылғы 10 қазан